

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 маусым N 749. Қаулының және Ереженің атауы мен мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1996.09.24. N 1164 қаулысымен. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы (бұдан әрі - "Қазақкино" мемкомпаниясы) Қазақстан Республикасының кинематография саласында мемлекеттік саясатты жүргізу мен бағдарламаларды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. "Қазақкино" мемкомпаниясының орталық аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру орталық атқарушы органдарын ұстауға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдеріне кинематографияның жергілікті органдарын қаржыландыруды тиісті бюджеттер есебінен жүзеге асыру ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы қаржылық, мүліктік және функционалдық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясының құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы туралы Ереже;

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 3-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1996.09.24. N 1164 қаулысымен.

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы
"Қазақкино" мемлекеттік компаниясы туралы" Қазақстан
Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қаңтардағы N 40
P940040_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж, N 2, 19-бап)
күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 18 маусымдағы
N 749 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік
компаниясы туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы
"Қазақкино" мемкомпаниясы өз қызметінде Қазақстан

Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы
Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан
Республикасы Мәдениет министрлігінің шешімдерін, осы Ережені басшылыққа
алады.

2. "Қазақкино" мемкомпаниясы облыстық, аудандық, қалалық
кинематография органдарымен, өзінің құрамына кіретін республикалық және
басқа кино, бейне ұйымдарымен бірге республиканың бірыңғай кинематография
жүйесін құрайды.

3. "Қазақкино" мемкомпаниясының өз шоттары, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі болады.

"Қазақкино" мемкомпаниясының тұрған жері мен заңдық мекен-жайы: 480091, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.

II. "Қазақкино" мемкомпаниясының міндеттері функциялары мен құқықтары

4. "Қазақкино" мемкомпаниясының негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасы ұлттық кинематографиясын дамытудың ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын, негізгі бағыттарын әзірлеу;

тиісті мәдениет органдарымен, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының әкімдерімен келісім бойынша кинематография объектілерінің қызмет ету және даму мәселелерін шешу;

аудандық, қалалық, облыстық, республикалық кино, бейне қызметін көрсетуді жетілдіру жөніндегі жергілікті мәдениет органдарымен өзара іс-қимыл жасау, материалдық-техникалық базаны нығайту, кинообъектілерді жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу мәселелерін шешуге қатысу;

кино, бейнефильмдер шығару, оларды Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде тарату үшін ұйымдық, өндірістік және экономикалық жағдайлар жасау, кино, бейне шығармалардың жоғары кәсіби және көркемдік дәрежесін қамтамасыз ету;

жасалатын кино, бейнефильмдерде егеменді мемлекет ретіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік және қоғамдық өмірін терең және жан-жақты көрсету, рухани прогресс пен ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігіне, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылу шеңберін кеңейтуге. Қазақстан халықтарының ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға және мәдениеттерін дамытуға жәрдемдесу, жалпы адамзаттық құндылықтарды бағдар ету;

кинорепертуар саясатын қалыптастыру, ұлттық кинематографияны насихаттау;

кино саласында техникалық саясат жүргізу, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

кинематографияны дамытудың басым бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру;

республика кинематографиясы органдарының қызметін құқықтық жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру болып табылады.

5. "Қазақкино" мемкомпаниясы негізгі міндеттеріне сәйкес:

ойындық, балаларға арналған, деректі-құжатты, ғылыми-көпшілік және

мультипликациялық фильмдер шығаруға әлеуметтік-шығармашылық тапсырыстарды қалыптастырады және кино, бейне студияларға конкурстік негізде береді;

кино, бейне шығармалар тізілімін жасайды, кино, бейне шығармаларды меншік түріне қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында прокаттау құқығының мемлекеттік рұқсат куәліктерін береді, кино, бейне ойын-сауық кәсіпорындарының жұмысына бақылау мен инспекцияны жүзеге асырады;

экранда порнографияны, зорлық-зомбылық пен қатыгездік жасауды насихаттауға баға беру мақсатында сараптама комиссияларын құрады;

кино, бейне кәсіпорындарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіруді жүзеге асырады, кино нарығының конъюнктурасын зерттейді, кино, бейне ұйымдарының халыққа көрсететін қызметін кеңейтуге жәрдемдеседі;

киноқондырғыларды және басқа кино, бейне ойын-сауық кәсіпорындарын пайдаланудың бірыңғай техникалық нормалары мен ережелерін әзірлейді, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан олардың орындалуын бақылайды;

киноөндірісі мен киноторабының қажеттеріне сәйкес кинематография мамандықтарының кадрларын даярлауға қатысады;

халықтың ұлттық рухани байлығы мен оның мәдени мұрасының бөлігі ретінде киноөнері туындыларының қорын іріктеу, жинақтау және сақтау жөніндегі мемлекеттік функцияны жүзеге асырады;

халықаралық байланыстарда ұлттық кинематографияның мүдделерін білдіреді, кинофестивальдер, кинопремьералар, кино Күндерін, кино нарықтарын өткізеді;

кинематографияны экономикалық және әлеуметтік дамытудың бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады, нысаналы кинобағдарламалар мен жобаларға бөлінетін республикалық бюджет қаражатын бөледі, олардың ұтымды пайдалануын бақылайды;

кинематографияны дамыту жөніндегі инвестициялық саясатты жүргізуге қатысады, мемлекеттік жаңа, соның ішінде шетелдік әріптестердің қатысуымен қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кәсіпорындар құрады;

кинематографиядағы қызметтің барлық түрлерін құқықтық реттеудің негіздерін әзірлеуге қатысады, авторлық құқықты және киноөнері шығармаларына меншік құқықтарын, кинобірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың, кинематография қызметкерлері мен кинокөрсеткіштерінің мүдделерін қорғауға жәрдемдеседі;

негізгі мақсаттар мен міндеттерді орындауға, кинематографияның материалдық-техникалық базасын дамытуға мүмкіндік беретін басқа да қызметті жүзеге асырады.

III. "Қазақкино" мемкомпаниясының мүлкі мен қоры

6. "Қазақкино" мемкомпаниясының мүлкі мен қорын негізгі және айналымдағы қаржылар, бағасы оның дербес балансында көрсетілген басқа да құндылықтар, сондай-ақ компанияға жататын кинодағы авторлық құқықпен қорғалатын интеллектуальдық меншік құрайды.

7. "Қазақкино" мемкомпаниясы белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік есеп жүргізеді, статистикалық есептілік жасайды және тапсырады, есептер мен баланстың нақтылығын қамтамасыз етеді.

8. "Қазақкино" мемкомпаниясы ведомстволық бағыныстағы кинематографияның мемлекеттік ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметін талдайды және бақылайды.

9. Еңбекке ақы төлеудің нысандарын, жүйелері мен мөлшерлерін, сондай-ақ сала бірлестіктерінің, кәсіпорындары мен ұйымдары қызметкерлері табысының басқа түрлерін олар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгілейді.

IV. "Қазақкино" мемкомпаниясын басқару

10. "Қазақкино" мемкомпаниясын Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын төраға басқарады.

"Қазақкино" мемкомпаниясы төрағасының, төрағаның ұсынуымен, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі тағайындайтын орынбасары болады.

"Қазақкино" мемкомпаниясына жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жүзеге асырады.

11. "Қазақкино" мемкомпаниясының төрағасы компанияның қызметін басқарады, оған жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуына тікелей жауап береді, төраға орынбасарының, құрылымдық бөлімшелердің басшыларының, сондай-ақ оның құрамына кіретін кәсіпорындардың, ұйымдардың басшыларының жауапкершілігі деңгейін белгілейді.

"Қазақкино" мемкомпаниясының төрағасы өз құзыретінің шегінде бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады, олардың орындалуын тексереді; Қазақстан Республикасының Мәдениет министрінің, облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің келісімі бойынша "Қазақкино" мемкомпаниясының құрамына кіретін кинематография кәсіпорындары мен ұйымдарының басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

бекітілген штаттар құрылымы шегінде қызметкерлерді жалдауды және босатуды, шарттық негізде уақытша еңбек ұжымдарын қалыптастыруды дербес

жүзеге асырады.

12. Барлық жанрдағы кино, бейнефильмдердің таңдаулы жобаларын іріктеп алу үшін "Қазақкино" мемкомпаниясының жанынан кинематографияның жетекші шығармашылық қызметкерлері мен көрнекті мәдениет қайраткерлері арасынан конкурс комиссиясы құрылады.

V. "Қазақкино" мемкомпаниясын қайта ұйымдастыру және тарату

13. "Қазақкино" мемкомпаниясын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК